

¹С.Е. Нұрмұратов, ²Е.Қ. Қасабекова, ³С.Б. Аймұратов

^{1,2}Философия, саясаттану және дінтану институты, Алматы, Қазақстан

³Х. Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университеті,
Атырау, Қазақстан

Автор корреспонденциясы: Қасабекова Е., enlik78@rambler.ru

ЗАЙЫРЛЫЛЫҚ ФЕНОМЕНІНІҢ ҒЫЛЫМИ ЖӘНЕ ДҮНИЕТАНЫМДЫҚ МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ

Аннотация: Ғылыми мақалада зайырлылық принципінiң ғылыми таным процесiндегi маңыздылығы анықталып, зайырлылық ұстанымы және оның мән-мағынасы мен көрiнiсiне теориялық тұрғыда пайымдаулар жасалынады. Сонымен қатар зайырлылық ұғымының заманауи талаптарға сәйкес қолдану деңгейiне бағамдаулар жасалып, зайырлылық құбылысына анықтама берiледi. Авторлардың зерттеу тақырыбы бойынша шетелдiк және отандық ғылыми тұжырымдамалар сарапталып, зайырлылық құбылысының дiнтанулық тұрғыдағы сипатына жан-жақты зерделенулер жасалады. Зайырлылық ұғымының өркениеттiк дамудың векторын анықтайтын кең ауқымдылығы, мен терең ғылыми-танымдық мән-мағынасы бар екендiгi көрсетiледi. Оқырмандарға ұсынылып отырылған мақаладағы негiзгi мақсат – зайырлылық жөнiнде жазылған шетелдiк және отандық авторлардың ғылыми еңбектерiн сыни сүзгiден өткiзу және олардың көзқарастарына талдамалық шолу жасау, ғылыми танымдағы оның орны мен маңызын анықтау болып келедi. Сондықтан ғылыми жұмыста зайырлылық құбылысы қазiргi рухани жаңғыру үдерiстерiнiң талаптарына сәйкес талдаулардан өткiзiлiп, қоғамдағы рухани сұхбатты қалыптастыруға қызмет ететiн мағынасын анықтау бойынша оларға жан-жақты сыни сипаттамалар берiледi.

Түйiн сөздер: азаматтық, ашықтық, зайырлылық, кеңiстiк, қарым-қатынас, қоғам, құбылыс, таным, толеранттылық, үдерiс, ұлт, ұстаным

Мақала № AP09260036 грантық қаржыландыру аясында даярланған.

Научное и мировоззренческое значение феномена светскости

¹С.Е. Нурмуратов, ²Е.К. Касабекова, ³С.Б. Аймуратов

^{1,2}Институт философии, политологии и религиоведения КН МОН РК,
Алматы, Казахстан

³Атырауский университет имени Халелы Досмухамедова, Атырау, Казахстан

Аннотация. В предлагаемой научной статье раскрывается значение феномена светскости в процессе научного познания, рассматривается проблема в контексте духовной модернизации казахстанского общества. Кроме того, в работе дана общая характеристика понятию светскость, дано определение феномена светскости, проанализированы научные концепции зарубежных и отечественных исследова-

телей по выбранной тематике. В научной статье особое внимание уделяется анализу светских измерений оснований человеческого бытия в научном познании. Разработка проблематики светских измерений социального бытия ориентирует на решение задач мировоззренческого порядка казахстанского общества, ценностной консолидации полиэтнического социума, межкультурной коммуникации, диалога культур, сохранения национальной и религиозной самобытности и идентичности.

Ключевые слова: светскость, принцип, толерантность, открытость, общество, процесс, познание, гражданство, пространство, уважение.

Scientific and ideological significance of the phenomenon of secularism

¹*S.Y. Nurmuratov*, ²*Y.K. Kassabekova*, ³*S.B. Aimuratov*

^{1,2} *Institute for Philosophy, Political Science and Religion Studies of the CS MES RK, Almaty, Kazakhstan*

³*Kh.Dosmukhamedov Atyrau State University, Atyrau, Kazakhstan*

Abstract. The proposed scientific article reveals the significance of the phenomenon of secularism in the process of scientific knowledge, the problem is considered in the context of the spiritual modernization of Kazakhstani society. In addition, the paper gives a general description of the concept of secularity, gives a definition of the phenomenon of secularity, analyzes the scientific concepts of foreign and domestic researchers on the selected topic. The scientific article pays special attention to the analysis of secular dimensions of the foundations of human existence in scientific knowledge. The development of the problems of secular dimensions of social life focuses on solving the problems of the worldview order of the Kazakhstani society, value consolidation of a multiethnic society, intercultural communication, dialogue of cultures, preservation of national and religious originality and identity.

Key words: Secularism, Principle, Tolerance, Openness, Society, Process, Cognition, Citizenship, Space, Respect.

Kipicne

Зайырлылық құбылысының қоғам өміріндегі, дінтану саласын өрбітудегі маңыздылығы мен өзектілігі туралы елімізде соңғы жылдары белсенді түрде айтыла бастады. Мәселен, тарихи санамыздың даму заңдылығын сипаттай отырып, оның кейбір танымдық ерекшеліктерін екшеуден өткізе отырып Елбасы «Біріншіден, ұлттық сана-сезімнің көкжиегін кеңейту. Екіншіден, ұлттық болмыстың өзегін сақтай отырып, оның бірқатар сипаттарын өзгерту» керек екенін ескерткен еді [1]. Міне, осы жерде айтылған қоғамдағы «өзгерістерге ұшырайтын сипаттардың» құбылыстардың қатарына дүниетанымдық ұстанымдардың, оның ішінде зайырлылық құбылысының шынайы әлеуетін әлеуметтік прогресте және ғылыми танымды өрбітуде қолдануды жатқызуға болады. Оқырманға ұсынылған мақалада

авторлар осы феноменнің шығу тегі анықтауды, анықтамасы беруді, оны гуманитарлық білімді дамыту саласында кімдердің зерттегенін көрсетуді мақсат етіп қойды. Әрине, бір мақаланың ауқымында осындай күрделі әлеуметтік ұғымды толықтай мағынада қамту, игеру мүмкін емес. Дегенмен, кейбір зерттеулердің мазмұнына сүйенсек, зайырлылық дүниені тануға, түйсінуге, түсінуге байланысты тек қана қарапайым ашықтық пен еркіндік емес екенін байқадық, жоғарыдағы қасиеттермен оның құрылымында қоғамды рухани мағынада тұтастандыратын толеранттылық, төзімділік, басқа адамдардың көзқарасындағы ұстанымдардың орын алатынына тәнті болдық. Демек, ол қоғамның руханиятының негізін құрайды. Зайырлылық ұғымына кеңірек тоқталып, ауқымды ғылыми еңбектерді қарастыра отырып, зерделеу ғылыми танымның, әсіресе дінтану саласының парызы.

Әдіснама

Ғылыми таным құбылысының құрамдас бөлігі болып табылатын қоғамдық-саяси үдерістерді, зайырлылық құбылысын талдауда тарихи сананың қалыптасуы мен дамуын байыптаудың маңызы әдіснамалық бағдар етіп алынады және қазіргі кезеңдегі жаңғыру үдерістерді байыптаудағы кейбір әдіснамалық жаңашылдықтар орын алады. Мәселен, әлеуметтік зерттеулерде соңғы уақытта кеңінен қолданыла бастаған институционалдық және факторлық талдау әдістерінің өзара синтезі қоғамдағы этносаралық және конфессияаралық қатынастардың өзара әрекеттестігін айқындайды және олардың рухани-мәдени жаңарудың барысына тигізетін әсер ету үдерістерін зерттеуде жан-жақты зерделеу әдісі ретінде пайдаланылады. Мақалада зерттеу жұмысының әдіснамалық негізін құратын тәсілдерге - дін философиясындағы сыни сараптау, салыстырмалы талдау және өркениеттік мәселелік-теориялық зерттеу әдістері жатады. Мақалада отандық ғалымдардың зайырлылық құбылысы жөнінде жасаған зерттеу жұмыстарының нәтижелері мен діндарлық жөнінде берген әлеуметтанулық және статистикалық материалдары қолданылады.

Зайырлылық ұғымының генезисі

Зайырлылық ұғымы қазақ тіліне араб тілінің «заһир» яғни «ашық», «анық» деген сөзінен енген және мағыналарды береді, қазақ тілінің фонетикалық ерекшеліктеріне бейімделіп «зайырлылық» болып өзгеріске ұшыраған. Зайырлылық ұғымының ашықтық, анықтық, айқындық, төзімділік, шыдамдылық, кең қарау, басқа адамның көзқарасына, дініне, ұлтына құрмет сияқты қосымша мағыналарды береді.

Елімізде 130 дан аса ұлт өкілдері мен 18 діни конфессия өзара тату-тәтті өмір сүріп келеді. Тіпті, өзара түсінісу мен ұлтаралық келісім

қоғамымызды берік ұстап тұрған қазіргі Қазақстанның «брендi» деп есептелетiнi кейбiр зерттеушiлердiң материалдарында әлеуметтанулық зерттеулер нәтижелерiмен дәйектеледi [2]. Ұлттық келiсiм, өзара құрмет, сыйластық, татулық, төзiмдiлiк, кең ойлау «зайырлылық» құбылысының аясына енетiн мәнi жақын ұғымдар. Бiздiң елiмiз сынды көпұлтты, көп конфессияналды мемлекетте зайырлылық тұрғысында зерттеулердiң болуы қажет осы тақырып төңiрегiнде мақалада кеңiрек тоқталамыз. Зайырлылық ұстанымын заң аясында қарастырып, оны заңдық нормалармен реттеп отыратын мемлекеттiң құзырлы органдары яғни мемлекеттiк билiк органдары. Жергiлiктi әкiмшiлiктен бастап, Дiн Iстер Басқармасы, Дiн Iстер Комитетi, мемлекет. Зайырлылық ұстанымын ҚР Конституцияның 1-шi бөлiмi, 1-шi бабында айқын көрсетедi. Зайырлылық мемлекетке ғана тән құбылыс па жоқ жекелеген азаматтарға ғана тән ұстаным ба осы жайында тереңiрек айтылады.

Қазiргi таңдағы елiмiздiң саяси сахнадағы сипаты ол зайырлы мемлекеттер қатарында болуында. Зайырлылық бұл дiнсiздiктi бiлдiрмейдi, зайырлылық барлық дiнге деген құрмет, төзiмдiлiктi, сыйластықты көрсетедi. Зайырлылық ұғымының мән мағынасын қарастырсақ, ашықтық, толеранттылық, төзiмдiлiк, кеңшiлiк, кең ойлау, терең көзқараста болу. Аталмыш құбылыстың заңдылығын ҚР Конституциясының 1 бөлiмiнiң 1 бабында айқын көрiнедi: «Қазақстан Республикасы өзiн демократиялық, зайырлы, құқықтық және әлеуметтiк мемлекет ретiнде орнықтырады, оның ең қымбат қазынасы – адам және адамның өмiрi, құқықтары мен бостандықтары» [3].

Елiмiз тәуелсiздiк алғаннан берi 28 жыл болды. Осы тәуелсiздiк жылдарында елiмiз сыртқы және iшкi саясатында осы зайырлылық ұстанымын ұстанды. Бұл дегенiмiз кез келген құбылысқа, жайтқа, көзқарасқа, кез келген ұлтқа, дiнге, тiлге, әлеуметтiк жағдайға кең қарау, төзiмдiлiк таныту, өзара сыйластықпен қарау, яғни төзiмдiлiк таныту, толерантты болу. Жалпы зайырлылықтың сипаттамасы мен тұжырымдары оған деген әртүрлi көзқарастар жайында көптеген ғалымдар зерттеу жұмыстарын жүргiзiп келедi. Сондай-ақ оның заңдағы орнын, қоғамдағы зайырлылық құбылысының ерекше заңнамалық аспектiсiн Қазақстан Республикасының «Дiни қызмет және дiни бiрлестiктер» туралы заңының преамбуласынан көре аламыз. «Осы Заң Қазақстан Республикасының өзiн демократиялық, зайырлы мемлекет ретiнде орнықтыратынын, әркiмнiң ар-ождан бостандығы мен құқығын растайтынын, әркiмнiң дiни нанымына қарамастан тең құқылы болуына кепiлдiк беретiнiн, ханафи бағытындағы исламның және православиелiк христиандықтың халықтың мәдениетiнiң дамуы мен рухани өмiрiндегi тарихи рөлiн танитынын, Қазақстан халқының рухани мұрасымен үйлесетiн басқа да дiндердi құрметтейтiнiн, конфессияаралық келiсiмнiң, дiни тағаттылықтың және азаматтардың дiни нанымдарын құрметтеудiң маңыздылығын танитынын негiзге алады», – делiнген. [4].

Зайырлылық тұрғысындағы басты ресми заңдардың бірі ҚР Конституциясы болса, екіншісі «Діни қызмет және діни бірлестіктер» туралы преамбуласы.

Осы орайда зайырлылық мәселесін зерттеуші Досай Кенжетайдың тұжырымдарына тоқтала кетелік: «Зайырлылық ұстанымында мемлекет өз азаматтарының сенімдеріне, араласпай, бөле жармай, қандай да бір діни сенімнің келесі бір дінге қысым жасамауын, үстемдік етпеуін, қысым көрсетпеуін реттейтін функциясы бар. Мемлекеттің діни қысымды болдырмауының өзі оның демократиялық және зайырлы елдің басты қызметі. Мұны заңымыздағы «ар-ождан бостандығы», «діни сенім еркіндігі» ретінде түсінеміз. Осы құбылысты реттейтін де зайырлылық ұстанымының кепілі болып отырған мемлекеттік институт болу керек. Сондықтан да тұлғаның әрі демократ, зайырлы әрі діндар болуында ешқандай қайшылық жоқ. Олай болса, «мен зайырлы емеспін, тек мемлекет қана зайырлы» деп жүрген азаматтарымыздың пікірі, мұсылмандар демократ, зайырлы бола алмайды, мұсылмандар шарифатқа негізделген мемлекетті қалайды деген саяси идеологиялық қабаттарынан хабар береді деген сөз», – деп орынды тұжырымдайды [5].

Зайырлылық феноменінің анықтамасы

Қазақстан Республикасының негізгі байлығы адам. Адам елдің ең басты құндылығы болып отыр. Ол еліміздің конституциясында негізінде айқындалған. Адамдар демократиялы, зайырлы қоғамның құраушылары. Зайырлылық жеке адамға ғана тиесілі құбылыс па жоқ мемлекетке тиесілі ұстаным ба деген сұраққа еліміздің Тұңғыш Президенті – Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың осы тұрғыда айтқан тұжырым сөздері де қоғамдағы зайырлылық құбылысының сипаты жөнінде: «Зайырлы мемлекет пен қоғам бұл – біздің тарихи таңдауымыз. Зайырлылық атеистік дегенді білдірмейді. Зайырлы дегеніміз бұл – озық, толерантты, ашық қоғам» [6]. Демек, зайырлылық қоғамдағы шектелген дүниетаным емес, ол адамға қатысты барлық көзқарастардың тең құқықты векторларын сипаттайтын құбылыс. Зайырлылық озық ойлы, төзімді, ашық адамдардың қоғамдастығы, бейбітшіліктің, татулықтың отаны болуы тиіс.

Зайырлылық тақырыбы өте ауқымды тақырып, осы мәселені егжей-тегжей зерттеп жүрген шетелдік және отандық ғалымдар аз емес. Зайырлылық тақырыбы жаңа тың құбылыс болып көрінгенімен оның бастауы көне ғасырларда жатыр деп пайымдауға болады. Зайырлылық шексіздік, шексіз ойлау, шексіз сезіну, шексіз түсіну, діндарды да, дінсізді де қабылдау, кез келген құбылыстың шексіздігі. Осы орайда зайырлылық мәселесін зерттеушілердің бірі ғалым Е.Е. Бурованың «Адам әлемінде» жарияланған «Зайырлылықты түсіну тәсілдері» атты мақаласында: «Қазақстан Республикасы зайырлы мемлекет. Зайырлылық – бұл көпконфессиялық және

көпэтникалық қоғамдардағы мемлекет пен дін арасындағы қатынастардың бірден-бір негізделген түрі. Зайырлылық көптеген себептермен негізделген. Осы себептердің тізімінде діни аспект бар. Оның мәні келесідей. Мемлекетте бірнеше діндер жұмыс істеген кезде (Қазақстандағыдай), зайырлылық осы көптеген діндердің құқықтық кеңістікте тең жағдайда өмір сүруіне мүмкіндік береді. Зайырлылық Қазақстан Республикасы қолдайтын және жүзеге асыратын принцип ретінде діни сенім бостандығымен тығыз байланысты, ол қазақстандықтар діни немесе зайырлы құндылықтар жүйесін еркін таңдайды деп болжайды. Бұл таңдау зайырлылық пен діндарлықтың жалпы мемлекеттік-конфессиялық қатынастардың құндылық-семантикалық қатынастарын тұжырымдайды. Мемлекет бір діннің басқаларға қарағанда айқын артықшылықтарына жол бермейді (дегенмен, Қазақстан ислам мен православие діндеріне белгілі артықшылықтар береді – заңды емес, іс жүзінде). Зайырлылық атеизмді білдірмейді. Зайырлылық пен атеизм арасында дінді қоғамдық кеңістіктен жалпы ығыстыру ретінде зайырлылық жатыр. Зайырлылық, атеизмнен айырмашылығы, діндерге өмір сүру және мемлекет пен қоғамда белгілі бір рөл атқару құқығын беруге міндетті. Зайырлылықтың қазіргі заманғы әлем үшін табиғи болғаны соншалық, енді олар бір кездері бұл қағиданы атеистік деп санағанын есінен шығарды» [7], деп пайымдайды. Кейіннен зайырлылық қағидаты бірнеше бағытта дамыды, зайырлылық және оның Қазақстан Республикасындағы ұйымдық және мазмұндық көріністері қалыптасты. Оның қалыптасуының маңызды кезеңі қоғамды адамгершілікке тәрбиелеудегі екпіннің (ол ұзақ уақыт бойы діннің құзырында болған) осындай білім беру функциясы жүктелген зайырлы деп аталатын моральға ауысуы болды. «Зайырлы мораль тұжырымдамасы екі мәселеге назар аударды: адамдардың негізгі теңдігін постулаттайтын адамның қадір-қасиеті тұжырымдамасы және ынтымақтастық ұғымы, ол үшін ең бастысы адамдар арасындағы уақыт пен кеңістікте болатын байланыстар. Бұрын дінмен кепілдендірілген адамдар арасындағы байланыс адам табиғатының өзіндік ажырамас және автономды сипатына айналды» [7], – дейді. Еліміздегі діндармыз деп жүрген адамдардың статистикасына көшсек, 70 пайыз мұсылман діни өкілдері мен қалған пайыз басқа дін өкілдеріне тиесілі.

Елімізде жүргізілген зерттеулерде атап көрсетілгендей қазақстандық отбасындағы зайырлы және діни құндылықтардың арақатынасы, дүниетанымдық ұстанымы мәселесі отбасы өміріндегі, қоғам тұрақтылығы мен ұлттық қауіпсіздік саласындағы аса маңызды мәселелер болып келеді. Орташа есеппен қазақстандық отбасылардың 30%-ы өздерін толығымен зайырлы отбасылардың қатарына жатқызады. Бұл сандық көрсеткішті этностық тұрғыдан ашып көрсетсек, басым бөлігі қазақ ұлтының, ал қалғандары өзге ұлттың өкілдері болып шығады. Респонденттердің 30%-ның жас көрсеткіштері әртүрлі. Жас және егде жастағы респонденттердің зайырлы

менталитетке деген бейімдерінің төмендігі байқалса, орта жастағылардың басым бөлігі өздерін зайырлы отбасы ретінде санайды. Гендерлік көрсеткіші жағынан, қазақстандық ер-азаматтардың зайырлы өмір салтына бейім екендігі байқалады [8].

Қызық жері дүниеге қатынасқа байланысты басым көпшілікті аралас отбасылар құрайды: респонденттердің 20,1%-ы өз отбасыларының зайырлы да, діни бағытта да екенін мәлімдеді, яғни, олардың отбасыларында діндарлар да, діндар еместер де бар және сол себептен отбасының дүниетанымдық ұстанымы әлі анықтала қоймаған ескертеді. Қазақстандық отбасылардың 50%-ы өздерін діндар ретінде санайтыны анықталды. Бұл топта түрлі ұстанымдар мен арақатынас байқалады. Қазақстанда түркі тілдес халықтардың басымдық танытуына байланысты конфессиялардың ішінде ислам діни басымдық танытады. Ұлттық көрсеткіштер бойынша оны әдетте қазақ отбасылары мен өзге ұлттардың отбасылары ұстанатыны анықталды. Бұл көптеген елдерде байқалатын дерек.

Отбасы ауқымында, оның өмір сүру стандарты ретінде және отбасы әлеуметтенуінің стратегиялары деңгейінде діндарлықтың ерекше құбылыс ретінде барынша үдеп бара жатқаны зерттеушілер барапынан атап өтіледі. Талдаудан өткізілген сұрақтар қазақстандық отбасының діндарлығының сипатын байқатады. Ал енді респонденттердің тек 13,6%-ы таза дін жолымен жүреді (ислам тәжірибесіне сүйене отырып намаз оқу тәжірибесі, мінәжат ету, діни қауымдастықтың өміріне араласу және т.б.), ал бұл өз кезегінде діндар отбасылардың қатарына жатқызатындардың нақты санын азайтады. Қазақ отбасыларының қатарында таза діндар отбасылардың саны көбірек, ал ең аз көрініс орыс қлты өкілдері отбасыларында тіркелген екен. Ал жалпы зайырлы отбасылардың саны мәлім етілген 30%-дан әлдеқайда аздау екендігі де анықталды [8].

Зайырлылықтың әрқилылығы мен көріністері

Біз әдетте Шығыс елдерінің менталитеті, құндылықтар жүйесі Батыс елдеріне қарағанда дәстүрлі құндылықтарға аса зор мән беретінін көптеген мамандар атап көрсетуде [9]. Бірақ діндарлықты Шығыста да Батыста да ұстанатындығы белгілі. Шығысқа қарағанда Батыстың өркениеті жеке адам қабілеттілігінің үнемі дамуына бағытталған және дәстүршілдік ұстанымдарына қарсы жалпы қоғамның қол жеткізген құндылықтарын қорғайтын либералды-модернистік суперөркениеті қарсы тұратынын атап өту керек. Сондықтан либералды дүниетанымды Жаңа дәуірде белең алуы секуляризм сияқты бағытты туындатты. Тіпті атеизмнің өзі Батыстық әлеуметтік эволюцияның өзіндік жемісі десе де болады.

Зайырлылық сипаты әр елде әртүрлілігімен ерекшеленеді, теократиялық мемлекеттерде дін және діндарлар билігі басымдылық танытса, КСРО

секілді елдердің бірқатарында зайырлылық ол араласпау, бірінің ісіне бірі қол сұқпауды нұсқайды. Зайырлылық сипаты жөнінде философ-дінтанушы Байтенова Н.Ж мен Камалова Ф. өз мақалаларында: «Мемлекеттің зайырлы сипаты дегеніміз – мемлекеттің діннен, діни ұйымдардан бөлінуін, бір-бірінің ісіне араласпауды білдіреді. Мемлекеттің зайырлы сипаты дегеніміз – тәуелсіздік, мемлекеттік мекемелер мен діни ұйымдардың құзыреті мен қызметінің бөлінуі. Мемлекеттің зайырлы сипаты діндерге деген құрмет пен төзімділікті білдіреді, қоғамда гуманизмнің зайырлы типін құруға, азаматты, өз елін сүйетін өз елінің патриотын қалыптастыруға ықпал етеді және сонымен бірге ұлттық мәдениетті, ұлттық дәстүр мен дәстүрді, сол ел үшін дәстүрлі түрде нығайтуды көздейді. Бұл проблема исламистік қозғалыстың қызметімен және саяси қатынастарымен байланысты және олардың теократиялық мемлекет құруға бағытталуынан көрінеді, яғни халифат. Мұндай үндеулер мен әрекеттер мемлекеттің зайырлы негіздеріне, оның конституциясына қауіп төндіреді. Зайырлылық қағидатына негізделген мемлекет, теократиялық мемлекетпен салыстырғанда, мемлекеттің қазіргі, өркениетті дамуының кепілі бола алады. Егер теократиялық мемлекет бір ғана дінді мойындайтын болса, ал басқаларына тыйым салынған болса, онда зайырлы мемлекет 3 принципке негізделген: ар-ождан бостандығы, діни сенімдердің теңдігі, діндерге қатысты саяси биліктің бейтараптығы. Егер ар-ождан бостандығы әрбір азаматқа өзінің рухани немесе діни өмірімен өзін-өзі анықтауға мүмкіндік беретін болса, діни сенімдердің теңдігі діндерге қатысты қандай да бір кемсітушілікке жол бермейді, мемлекет оның аумағында жұмыс істейтін діндердің ешқайсысына артықшылық бермейді, саяси билік діни ұйымдардың ішкі істеріне араласпайды. Зайырлы мемлекет пен теократиялық мемлекет арасындағы негізгі айырмашылық: егер теократиялық мемлекет белгілі бір дінді ұстанатын бір ғана топтың мүддесін қорғаса, зайырлы мемлекет барлық діни топтар мен мәдениеттерге бірдей жағдай жасай отырып, барлық әлеуметтік топтардың мүдделерін қорғайды, әрине, егер діни ұйымдардың өздері заң шеңберінде әрекет етсе», - деп орынды тұжырымдайды [10].

Қазақ халқының ежелгі заманнан келе жатқан тарихи санасындағы үлкен Рухани Күшке деген көзқарастың үнемі өзгерістерге ұшырап, әр қилы құндылықтық сипатын танытқанын қазақстандық зерттеушілер атап өткен еді. Мәселен, Ә. Қодар төмендегі тұжырымдарды өзінің далалық білімнің ерекшеліктері туралы еңбегінде атап өтеді: «Құдайлыққа деген индифференттілік құдайға деген қатынас шешімін табуға тиісті мәселелердің пайда болуына байланысты, яғни жағдайға байланысты болды. Егер дамыған монотеистік діндерде адам құдайға жағымды болуға ұмтылса, онда түркі мифологиясында құдай мен түркі бір-бірінен баянша жатсынғаны байқалды. Құдайлармен арнайы сұхбатқа түсетін арнайы аралық байланыстырушылар, яғни ерекше адамдар болды және

олар бейсаналық жағдайларда ғана өздерінің байланыстарын орнатқан ... Басқаша айтқанда, түркі мифологиясындағы құдай тек адами күш ғана емес, ол ғарыштың ырқы, ғаламның заңы ретінде қабылданады» [11].

Адам өзінің дүниеге деген орнықты қатынасын түзеу барысында әлемге рухани қатынасын өрнектеді және қоғамдық сананы қалыптастырды. Осы ерекшеліктердің арқасында адам танымда трансценденциялауға, яғни қарапайым қатынастардан жоғары тұратын білімге ұмтылуға, өзінің рухани өмірін жасампаз субъект ретінде құра алатынын көрсетті. Философияның, ғылыми білімнің әлеуметтік болмыста орын алуы соның дәлелі. Адам күнделікті өмірде тіршілік үшін күресіп қана қоймайды, ол өзін қоршаған дүниеден өзінің «Менінің» мәнін, өмірдің сырын іздейді, яғни «өмір» деп аталатын құбылыстың түбегейлі негіздері мен құндылықтық бастауларын іздейді. Ол болса негізінен адамның адамгершілік сипатын анықтауға қарай жасалған қадамдары екені анық. Ерекше рухани құбылыс болып келетін «Дін» деген құбылыс арқылы осындай әрекеттер жүзеге асуы мүмкін еді, «яғни дінде адам өмірдің жоғарғы мағыналарына жақындай түседі, олар сол адам үшін өмір сүретін символдық формаларға айналады, міне осы жерде ұждан, абырой, ар сияқты руханилықтың атрибуттары пайда болады. Құдай «дараланған ұждан» ретінде, ал «ұждан» «түпкі саналық құдай» сипатында көрініс береді [12].

Жоғарыдағы айтылған дінге қатысты тұжырымдарға сәйкесінше толеранттылық ұғымын дінаралық келісімге жақындастыру кейбір зерттеушілер тарапынан байқалады. Мәселен, философ-дінтанушы А.Г. Косиченко өзінің «Караван» сайтының журналистіне берген сұхбатында «Діни төзімділік туралы не деуге болады? Ол біздің елде дамыған ба?», – деген сауалға төмендегідей жауаптарды береді: «Бір жағынан дамыған деуге болады, ал кейбір жағдайларда онша емес. Дінаралық келісім белгілі бір деңгейде діни төзімділіктің нәтижесі болып табылады. Діни төзімділікте, оған деген барлық оң көзқарасқа қарамастан, белгілі бір шекара болу керек. Толеранттылық үшін діннің ішкі мазмұнын жою мүмкін емес. Мысалы, діни либералдардың әдетте толеранттылығы шексіз және ондар адамдар бар екенін мойындаймыз. Өздерінің мүдделері (көп жағдайда ешкімге қажет емес болса да) олар кейде діннің ішкі негіздерін бұзуға дайын, бұл да пайдалы іс емес» [Электронный ресурс]. Сонымен А.Г.Косиченконың діни төзімділік жөніндегі пайымдаулары конфессиялық догматтардың түбегейлі төлтумалық құқығын қорғайтындығын байқатады. Ал енді осы жерде зайырлылық тұрғыдағы толеранттылық туралы кеңірек айтуға болады. Еуроислам туралы туралы осы мәселе ерекше тұжырымдалады [14] және дінаралық қатынастардағы диалогтың маңыздылығы туралы еңбектерде зерттеушілер тарапынан тереңінен пайымдалады [15].

Зайырлылық толеранттылығының негізгі ұстанымы әлеуметтік болмыстағы адамаралық, қауымдастықтар арасындағы келісімді

орнықтырады, сондықтан бұл жерде қоғамдағы әртүрлі қатынастарды үйлесімдендіру үшін өзаратүсіністік философиясының маңызы зор. Өркениеттік даму жолын таңдаған қауым үшін зайырлылық принциптерін барлық салада қолдану қажет деген ойдамыз. Себебі, қоғамдағы өзара келісім мен бейбіт өмір сүрудің бастауы адамдардың құқығы мен еркіндігін, дүниетанымдық таңдауын құрметтеуде жатыр, ал оған әлеуметте қалыптасқан зайырлылық төзімділігі нағыз іргетас болады.

Қорытынды

Қорытындылай келгенде зайырлылық ұғымына жан-жақты түсініктеме берілудің өзі әлеуметтік өмірдің, гуманитарлық ғылымдар жан-жақты игеретін, дамытатын танымдық үдерістердің қажеттілігінен туындап отырғанын айта аламыз. Зайырлылықты қарапайым дінсіздік деп, үстірт мағынада тұжырымдауға болмайды, ол терең дүниетанымдық ұстаным, өркениеттік дамудың қисынынан туындаған қоғамның ерекше рухани ахуалы. Бұл іргелі ұстанымның қоғамдағы адамдардың, ұлт өкілдерінің өзара қарым-қатынасын реттеудегі басты құрал ретіндегі ерекше қасиеті мен қадірі күннен күнге нақтыланып, әлеуметтік прогресс үшін маңызы арта түсуде. Сондықтан ғылым мен дүниетанымдағы ерекше құбылыс ретіндегі зайырлылық пен діндарлықтың орны мен рөлін анықтау қазіргі рухани жаңғыру кезеңінде ерекше маңыздылыққа ие болады.

Әдебиеттер тізімі

1. Назарбаев Н. Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру // Егемен Қазақстан. – 2017. 06 сәуір.
2. Абжанов Х. Историческое сознание и формирование этнокультурной идентичности казахстанцев // Ценности и идеалы независимого Казахстана. – Алматы: Институт философии, политологии и религиоведения КН МОН РК, 2015. – 322 с.
3. Қазақстан Республикасы Конституциясы. – Алматы, 1995. – 125 б.
4. Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы Қазақстан Республикасының заңы. – Алматы, 2017. – 123 б.
5. Кенжетай Д. Зайырлылық ұғымы туралы. 2019. URL: <http://mazhab.kz/kk/maqalalar/galymdar-minberi/dosai-kenjetai/zaiyrly-el-men-zaiyrlylyq-turaly-2324/> (Қаралған күні 19.01.2021).
6. Назарбаев, Н. Тарих толқынында. – Алматы, Атамұра, 1999. – 296 б., 271-293 бб.
7. Бурова Е. Светскость и ее проявления в Республике Казахстан // Адам әлемі. – 2018. – № 2. – 83 б.
8. Соловьева Г. Қазіргі Қазақстан аумағындағы діндер тарихы. Оқу құралы. – Алматы: ҚР БҒМ ҒК Философия, саясаттану және дінтану институты, 2020. – 264 б.

9. Сәрсенбаева З. Этнос және құндылықтар. – Алматы, 2018. – 308 б, 203 б.
10. Байтенова Н., Камалова Ф. Қазіргі зайырлы мемлекеттегі дін зайырлы мемлекет жағдайындағы мемлекет пен діннің арақатынасы. – Алматы, 2018. – 135 б.
11. Кодар Ә. Степное знание (очерки по культурологии). – Астана: Фолиант, 2007. – 208 с. – С. 72.
12. Орынбеков М. Онтологические корни евразийства // Евразийское сообщество. – 1997. – №3. – С.15.
13. Интервью Салават Гвалия с профессором Косиченко А.Г. [Электронды ресурс] 2018. URL: <https://www.caravan.kz/news/mnogoobrazie-konfessijj-eh-to-bлаго-dlya-strany-ehkspertreligioved-500099/> (Қаралған күні 20.01.2021).
14. Евроислам как диалогическая стратегия современности (к философскому вопросу о диалоге культур). Euroislam as a Dialogic Strategy of Modernity (to the Philosophical Question about the Dialogue of Culture). – Алматы: Институт философии, политологии и религиоведения КН МОН РК, 2013. – 162 с.
15. Сейтахметова Н., Бектенова М. К проблематизации диалога религий как диалога цивилизации, [Электронды ресурс] 2018, URL: <https://religio.amursu.ru/index.php/ru/archive-ru/48-new-archive/articles/4-2018/402-2019-02-22-04-42-10> (Қаралған күні 19.01.2021).

Transliteration

1. Nazarbaev N. Bolashaққа бағдар: ruhani zhanғыru [Orientation to the future: spiritual revival] // Egemen Қазақстан. – 2017. 06 сәуір. (in Kaz).
2. Abzhanov H. Istoricheskoe soznanie i formirovanie jetnokul’turnoj identichnosti kazahstancев // Cennosti i idealy nezavisimogo Kazahstana [Historical consciousness and formation of ethnocultural identity of Kazakhstan // Values and ideals of independent Kazakhstan]. – Almaty: Institut filosofii, politologii i religiovedeniya KN MON RK, 2015. – 322 s. (in Russ).
3. Қазақстан Respublikasy Konstitucijasy [The Constitution of the Republic of Kazakhstan]. – Almaty, 1995. – 125 b. (in Kaz).
4. Dini қызмет zhәне dini birlestikter туралы Қазақстан Respublikasynуң заңу [The Law of the Republic of Kazakhstan on Religious Activity and Religious Associations]. – Almaty, 2017. – 123 b. (in Kaz).
5. Kenzhetaj D. Zajyrlylyқ ұғымы туралы [On the concept of secularism]. 2019. URL: <http://mazhab.kz/kk/maqalalar/galymdar-minberi/dosai-kenjetaj/zaiyrly-el-men-zaiyrlylyq-turaly-2324/> (Қаралған күні 19.01.2021) (in Kaz).
6. Nazarbaev N. Tarih tolkynynda [In the flow of history]. – Almaty, Atamұra, 1999. – 296 b, 271-293 bb. (in Kaz).
7. Burova E. Svetskost’ i ee projavleniya v Respublike Kazahstan [Secularism and its manifestations in the Republic of Kazakhstan] // Adam әlemi. – 2018. – № 2. – 83 b. (in Russ).
8. Solov’eva G. Қазіргі Қазақстан аумағындағы диндер тарихы [History of religions in the territory of modern Kazakhstan]. Оқу құралы. – Almaty: ҚР БҒМ ҒК Философия, sajasattanu zhәне dintanu nstituty, 2020. – 264 b. (in Kaz).
9. Сәрсенбаева З. Jetnos zhәне қындылықтар [Ethnos and values]. – Almaty, 2018. –308 b, 203 b. (in Kaz).

10. Bajtenova N., Kamalova F. Қазиргі зайырлы мемлекеттегі дін зайырлы мемлекет зһардайындағы мемлекет пен диннің арақатынасы [Religion in the modern secular state is the relationship between the state and religion in the secular state]. – Алматы, 2018. – 135 б. (in Kaz).

11. Kodar Ә. Stepnoe znanie (oчерki po kul'turologii) [Steppe knowledge (essays on culturology)]. – Astana: Foliant, 2007. – 208 s. – S. 72. (in Russ).

12. Orynbekov M. Ontologicheskie korni evraziјstva [Ontological roots of Eurasia] // Evraziјskoe soobshhestvo. – 1997. – №3. – S. 15. (in Russ).

13. Interv'ju Salavat Gvalija s professorom Kosichenko A.G. [Interview of Salavat Gvalia with Professor Kosichenko A.G.] [Jelektronды resurs] 2018. URL: <https://www.caravan.kz/news/mnogoobrazie-konfessijj-ehto-bлаго-dlya-stranyehkspertreligioved-500099/> (Қаралған кыні 20.01.2021) (in Russ).

14. Evroislam kak dialogicheskaja strategija sovremennosti (k filosofskomu voprosu o di- aloge kul'tur). Euroislam as a Dialogic Strategy of Modernity (to the Philosophical Question about the Dialogue of Culture). – Алматы: Institut filosofii, politologii i religiovedenija KN MON RK, 2013. – 162 s. (in Russ).

15. Sejtahmetova N., Bektenova M. K problematizacii dialoga religij kak dialoga civilizacii [To the problems of the dialogue of religion as a dialogue of civilization]. [Jelektronды resurs] 2018, URL: <https://religio.amursu.ru/index.php/ru/archive-ru/48-new-archive/articles/4-2018/402-2019-02-22-04-42-10> (Қаралған кыні 19.01.2021) (in Russ).

АВТОРЛАР ТУРАЛЫ МӘЛІМЕТТЕР

Серік Есентайұлы Нұрмұратов	<i>профессор, философия ғылымдарының докторы, бас ғылыми қызметкер, ҚР БҒМ ҒК Философия, саясаттану және дінтану институты, Алматы</i>
Еңлік Құралғазықызы Қасабекова	<i>PhD докторант, кіші ғылыми қызметкер, ҚР БҒМ ҒК Философия, саясаттану және дінтану институты, Алматы</i>
Сағынгерей Болатқалиұлы Аймұратов	<i>философия ғылымдарының кандидаты, Х. Досмұхамедов атындағы Атырау университетінің деканы, Атырау</i>

Серик Есентаевич Нурмуратов	<i>профессор, доктор философских наук, главный научный сотрудник, Институт философии, политологии и религиоведения КН МОН РК, Алматы</i>
Еңлік Құралғазықызы Қасабекова	<i>PhD докторант, научный сотрудник, Институт философии, политологии и религиоведения КН МОН РК, Алматы</i>
Сағынгерей Болаткалиевич Аймуратов	<i>кандидат философских наук, декан Атырауского университета имени Халела Досмухамедова, Атырау</i>

<i>Serik Nurmuratov</i>	<i>Professor, Doctor of Philosophy, Chief Researcher, Institute for Philosophy, Political Science and Religious Studies of the CS MES RK, Almaty</i>
<i>Yenlik Kassabekova</i>	<i>PhD student, Researcher, Institute for Philosophy, Political Science and Religious Studies of the CS MES RK, Almaty</i>
<i>Sagingerei Aimuratov</i>	<i>Candidate of Philosophy, Dean of Kh.Dosmukhamedov Atyrau State University, Atyrau</i>

Мақалаға сілтеме: Нұрмұратов С., Қасабекова Е., Аймұратов С. Зайырлылық феноменінің ғылыми и дүниетанымдық маңыздылығы // Адам әлемі. - 2021. №1(87), сс. 111-123.